

Күздің ұзақ кеші...

Қаздар қайта салысымен жауған қар еріп кеткен. Таудың теріскейінде ғана ала канаттанып жатыр. Күздің ұзақтығы төрт түлікпен күнелтіп отырған ауылдағы ағайынға жайлы болып тұр.

Ықылым заманнан тас қораның иық тұсын жайлаған Бабай бұл уақытта ауылға түсіп қоюшы еді, биыл қойын өргізіп, әлі отыр. Әудем жердегі жалғыз үйдің сығырайған жарығы ауылдан көрініп тұрады. Төрттен жанатын жарыққа қарап, не де болса күз ұзақ болады дескен ауылдың үлкендері. Олай дейтіні, Бабайдың күн райын болжауы дәл келеді. Қандай тылсым барын кім білсін, қорасының қабырғасына қағып қойған шыбыққа қарап, күн жауады иә болмаса ашық тұрады деп дөп басып отыратын. Қағазы сарғыш тартқан қойын дәптеріне күннің райын күнделікті түртіп отыратын. Жас шамасы сексеннен асқан ақсақалдың азан шақырып қойған аты – Мәуітқазы. Қожыр-жожыр желкесіне, түсіңкі қабағы мен өткір көзіне, қолағаштай танауына, едірейген мұрттың астынан салпиған ерніне қарап, ауылдастары Бабай атап кетсе керек-ті. Елмен есендескені болмаса, ашылып көп сөйлесе бермейді. Қайбір жылы қаладағы ұл-қыздары көшіріп аламыз деп үгіттеген де. Бала жастан дала кезіп өскен ол қалаға барып қамалсын ба?! Табиғатта тудым, табиғатта өлем деп тоқтау салған.

Алтайдың табиғаты қай мезгіл болмасын құлпырып тұрады. Тіпті мынау жүдеу тартқызған қара күздің өзі қандай ғажап?! Аптасына бір рет шығар қойы күнгей бетке шығып, үйздей қалған уақытта бұрыл қасқасын тақымдап, ауылға түседі Бабай. Дүкеннен керек-жарағын қос қоржынына толтырып, Мәдениет үйінің бір бұрышындағы кітапханаға тоқтайды. Сол кітапхананың бұрылысында Бабайдың атынан басқа көлік көрмейсің. Оқымаған кітабы жоқ шығар. Бұл жолы алған кітабын жата-жастана сан қайтара тағы оқыды. Оралхан Бөкейдің «Кербұғысы». Өзі де



тағылықта өмір сүрген соң ба, аң-құс, тау-тас туралы жазылған шығармаларды көп іздейді. Тұрып жатқан төңірегін ғана емес, тұтас Алтайды кесе-көлденең аралап шыққан. Қыстың боран-шашынына қарамастан, табаны терімен қапталған көң шаңғысын іліп алып, кете беретін. Сондай-да, анау таудың арғы жағында не бар десен, тау бар деп қысқа қайыратын. Есімде, бір-ақ рет қойын қынадай қырған көкжалды қақпанмен алғанын айтып мақтанған: «Колхоз-совхоз тарап, пайға тиген қойды қораға әкеліп қамағанымыз сол болған. Ертесі танертен қой қораның есігін ашсам, тірі тұяқ қалмаған. Тегін келген текке кетті дейін десем, колхозға еңбегім азғана сіңген жок. Ашуға мініп, көкжалдың ізіне түстім. Қантардың қақаған аязы. Қоржында жылқының тезегіне бір қайнатып алған

қақпаным. Ауылдың шетіндегі жылап аққан бұлақты жалдай өрлепті. Күніне жетпіс шақырымды еңсеріп тастайтын ит-

құсқа ілеспейтінімді білемін. Бұлақтың бастауындағы жайылып аққан тұсына қақпанымды құрдым да, шынжырын қардың астымен апарып, томарға екі орап байладым. Ертесінде есік пен төрдей көкжал түсіпті. Шокпармен ұрып, әзер өлтіргем» деген.

Бүгін де кітапханадан алып келген кітапты аударып-төңкеріп, «Қасқыр ұлыған түндени» оқуға кіріскен; «Қыстың ұза-ақ кеші... Осындайда бойынды кернеген суықты қуып шығар айла іздейсің; осындайда «жойылсын бұйығы тірлік!» деп жар салғын келеді. Ымырт үйіріліп, қас қарайса болды, сулы-сылпың кешкі асын іше салып, тас бүркеніп жатып қалар ауылдағы ағайынды сағынасың. Әбден қысқарып, бір қайырмаға 158 келмей қалған күн суық жүзбен таудың қыр желкесінен төніп тұр.

Ақ көрпесін айқара жамылған айналаңыз жылдың басқа мезгіліндей емес, күміс нұрға шомылып, қараңғылыққа ырық бермей ұзап барып ұғысады, түннің қап-қара отауына барып кіреді...» деп бастап оқыды да, кітапты кір сіңген жастықтың астына қоя салып, пештің аузына қарай отырды. Темекісін тұтатты. Көк түтінді бүрк еткізіп: «Оралхан тірі болса, күздің ұза-ақ кеші деп бастар еді шығармасын. Бәлкім, мен де кейіпкеріне айналар ма едім», – деп күбірлеген.

Иә, Бабайдың кешкен тірлігі ауылдың іргесіндегі қорада дегені болмаса, Қонқайдан кем емес. Өркениет көшінен кеш қалған. Тіпті қолында қарапайым қалта телефоны да жоқ. Тілін білмеймін деп ұстамайды. Оның тілдесетіні тек табиғат, кітап. Кітап оқып жатып, қайта атып тұрған. Өрнектің тұсында өрімдей қызды өлтіріп тастаған Алтайдың қасқырларын ол да қырып салғысы келді. Заң рұқсат берсе, жаман ауыздың біреуін қалдырмай қырып салар еді. Оны ғана емес, қаптаған қабанды да қырып тастауға дайын. Аң аулауға заң тыйым салғалы қабан қаптап, елік азайған. Құстар құрыған. Дала доңызы еліктің лағын, құстардың жұмыртқасын жайпап жүре береді екен. Табиғатпен біте қайнаса қартайған Бабай соның бәрін байқап келеді. Байқап жүргенімен, оның үні анау төрде отырған басшыларды қойып, округіндегі шолақ төрелерге де жетпейді. Қой соңында жүрген қойшы деп те елемейді оны. Әйтпесе, жинаған білімі де мол.

Күздің ұза-ақ кеші. Манаураған Алтай жоталарын кешкісін тұман тұмшалаған. Өне-міне қар қылаулайтын сияқты. Көшеде көлденең жүрген кісі қарасы көрінбейді. Қар жауған түні біздің жақ ертегі кейіпке еніп, құлпыра түссе де таңдана, таңғала қарайтындар некен-саяқ. Тас қора жаққа көз салып едік, Бабайдың жарығы көрінбеді...

Мерей Қайнарұлы

ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ЖАҒЫРУ

Көшпелі көрме халыққа жол тартты



Қазіргі музей ісіндегі маңызды бағыттардың бірі – көшпелі көрме ұйымдастыру. Бұндай іс өмір тұрғындарын еліміздегі теңдесі жоқ құнды жәдігерлермен жақын танысып, өз көздерімен көруге мүмкіндік береді.

Мәдени мұраны көрермен назарына ұсынуда көшпелі көрменің берері мол. Көшпелі көрменің басты артықшылығы

– музей мен қоғам арасындағы байланысты күшейту. Белгілі себептермен музейге жете алмай жүрген оқушылар, тұрғындар

үшін апарған көрменің берері мол және тиімділігі ұшан-теңіз. Көрме барысында көрермендер үшін арнайы тақырыптық экскурсиялар, сабақтар, тапсырмалар ұйымдастырылады. Жыл көлемінде республикалық, облыстық, аудан ішінде көшпелі көрмелер ұйымдастырылып, мәдени тәжірибені терең сезінуге ықпал етті.

Қарашада Павлодар қаласына республикалық деңгейдегі бір көрме қойылып, 19 желтоқсанға дейін қала тұрғындары, студенттер, мектеп оқушыларының тамашалауында болмақ. Ауданымыздың мектептеріне ұйымдастырылып жүрген мұндай іс-шаралар жыл сайын жалғасын тауып отыр.

Мұндай іс-шаралар – музей қызметкерлерін жаңа аудиториямен жұмыс істеу тәжірибесін кеңейтіп, экспозицияны тасымалдау, бейімдеу дағдыларын дамытатын тетік. Яғни, көшпелі көрмелер – мәдениет пен қоғамды жақындастыратын көпір, ол көрермендердің рухани ілімін жаңартып қана қоймай, музей қызметінің жаңа деңгейге көтерілуіне мүмкіндік береді. Осы бағыттың дамуы – ел ішіндегі мәдени мұраны дәріптеудің, ұрпаққа жеткізудің жаңа мүмкіндігі.

Азат Мұхтарханов,
“Берел” мемлекеттік тарихи-мәдени
музей-қорығы

В ОБЪЕКТИВЕ ФОТОЛОВУШКИ

Росомаха

Видео с животным опубликовали сотрудники Катон-Карагайского государственного национального природного парка.

«Коллеги из Арчатинского лесничества поделились материалом с фотоловушек, которые были установлены на хребте Алтайский Тарбагатай, – сообщили в отделе науки, экологического мониторинга и информации Катон-Карагайского ГНПП. – Представляем вашему вниманию росомаху Gulo gulo, ту самую, о которой Хью Джекман думал, что это выдуманное животное. Но мы-то с вами знаем, что это обычный зверь для территории лесной зоны Восточного Казахстана. На видео четко видна летняя «шуба» росомахи и она намного «легче» зимней».

YK-news.kz



БАҚ-тың меншік несі:

«Шығыс ақпарат» ЖШС
«Арайлы Катонқарағай» газеті
Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде
тіркеліп, 2024 жылғы 8 тамызда
№ KZ89VPY00098628 куәлігі берілген.

«Арайлы
КАТОНҚАРАҒАЙ»

Бас редактор
Тимур СМАҒҰЛОВ
8 775-648-33-77

ШҚО, Катонқарағай ауданы,
Катонқарағай ауылы,
К.Жампейісов көшесі 19/1 үй.
e-mail:
arai-luch@mail.ru

Хаттар мен қолжазбалар қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін. Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. ® белгісі қойылған материалдар коммерциялық негізде жарияланады. Материалдарды редакцияның келісімісіз көшіріп басуға тыйым салынады.

Газет «Печатное издательство-агентство «Рекламный Дайджест» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20. Баспаханалық қызметтер: 75-44-78. 75-28-57.

Таралым 800
Көлемі 2 баспа табақ.
Тапсырыс 49